

оны белден бірақ басып, сол күні академиктің алдына барған ғой! Бұл – жас ғалымның ғылымға деген ерекше құлшынысынан туған «асығыстық» ұмтылыс еді!

Ол - атақ - абыройдың оңай келмейтінін ерте түсінді. Аз болсын, көп болсын сол ұзақ жылғы ұстаздық еңбегінің жемісін көрді. Бала - шағасын асырап, қатарынан қалдырмай, кішкентайларын ержеткізді. «Жомарттың қолын - жоқтық байлайды» - дендей, көзі тірісінде Түрекең материалдық жағдайдың қиындықтарын көп көрді. Тіпті, ең жақын дос – жолдастар мен ағайын – туыстың той – думаны болмаса, басқадай басы артық басқосуларға көп бара бермейтін. Есесіне, ескі «Волгасымен» балық аулаға жиі барып, таза ауада қыдырғанды жақсы көретін. Қазір міне, қайта келмес сол күндерді қимастықпен еске алып отырмыз.

Өмір – өзен. Сол өзеннің арнасы кеңейгенімен, Тұрмақан үшін ағысы ұзаққа бармады. Жарты жолдан өтебере тартылып қалды. Тек жылғалары ғана жылыстап, жалғасын тауып жатыр... Амал қанша соған көнеміз. Қолдан келер басқа шара жоқ. Атақты Бұқар жырау Абылайхан қайтыс болғанда:

Білсең де өстіп өтерін,
Дүние саған болды тар.
Жалғыз туәбе етерім,
Артыңда қалған атың бар. – деген еді.

Аллаға шүкір, Тұрмақан Пірімбетовтің артында тізгін ұстар ұлдары мен немерелері, оларға бас - көз болып жүретін Алтыны қалды. Ошағынан от кеткен жоқ. Түтіні түзу шығып тұр. Бұл пәниде ол көрмеген қызығын ұрпақтары көрсін, жасамаған жасын осылар жасасын. - дейміз.

...Кеше, түсімде көрдім. Түрекең, ҚарМУ- дың қасында тұр екен... Осы естелікті жазып, қолыма қалам алғансын ба, кім білсін?!.. Әйтеуір, аян берді. Қарасам, Академик Евней Бөкетов ескерткішінің қасында темекі тартып тұр.

- Е.. й.. бауырым, қайдан келдің? – десем, үндемейді. Тек басын сыйпап, жымыып тұр. Күлкісі қандай әдемі!..

Қайран Түрекең-ай, қасиетті қара шаңырағы мен бірге еңбек еткен әріптестерін сағынды ма екен?!

Бұл мақала «Өнегел өмір» (2017 ж)
атты кітабымда жарық көрген.
(Автор)

Сембиев Құрманғазы Зәкірұлы
Филология ғылымдарының кандидаты, профессор
«Volashaq» Академиясы
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы
kz_dk4kara@mail.ru

ОРТА ҒАСЫР ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІ ФОНЕТИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Мақалада орта ғасыр ескерткіштері тілі фонетикалық құрамының қазіргі қазақ тілімен сабақтастығы нақты мысалдармен салыстырыла қарастырылған. Сонымен қатар фонетикалық сәйкестіктер, дыбыстық алмасулар сөз етілген.

Тірек сөздер: Орта ғасыр ескерткіштері тілі, фонетикалық құбылыс, қазақ тілінің сабақтастығы, фонетикалық сәйкестік.

Орта ғасыр ескерткіштері тілінің қазіргі қазақ тілімен сабақтастығы жайлы сөз еткенде, сөздердің дыбыстық жағы, одан кейін сөздік қоры және морфологиялық құрамы сөз етіледі.

Орта ғасырлардағы ескерткіштер тілі мен қазақ тілі арасындағы сәйкестіктер фонетикалық сәйкестіктер, грамматикалық сәйкестіктер және лексикалық сөздік қор жағынан сәйкестіктер болуы мүмкін. Сол сияқты ішінара өзгерістердің болуы ол сөзді біздің тілімізге тән емес дегенді білдірмейді. Дыбыстық өзгерістерге түскен сөздердің өзін төл сөзіміз деп түсінеміз. Мұнымен қатар сөздік қорымызды құрайтын енді бір сөздер бар. Олар – бүгінде сөздердің құрамында сақталып, өлі түбірлерге айналған сөздер. Ә. Қайдар өлі түбірлер жайында былай дейді: «Қазақ тіліндегі біз қарастырған өлі түбірлердің саны шамамен 500-ге жуық. Бірақ қазақ тілі үшін өлі түбір болып саналатын элементтер басқа түркі тілдері үшін дәл сондай болуы міндетті емес. Осыған орай жалпы түркі тілдері бойынша, тіпті оның жеке тілдік категориялары бойынша жүйелі түрде, белгілі тәсілдермен іздестіру түркология үшін маңызы зор. Қорыта келгенде, айтарымыз: екі буынды императив етістіктердің құрамында кездесетін өлі түбірлерді осылайша зерттеуді жалпы түбір теориясына алып баратын арналардың бірі деп білеміз», - дейді академик Ә. Қайдар [1,43].

Көне тіл мен қазіргі тілді салыстырғанда, алдымен олардың дыбыстық сәйкестігі қаралады. Ал дыбыстық сәйкестік айтылу сазы бойынша анықталады. Алайда біз сөздердің байырғы замандарда қалай айтылғандығын біле алмасақ та, жазба ескерткіштер тіліндегі таңбалануына қарай дыбысталуын айырамыз. Онсыз дыбыстардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айыру мүмкін емес.

Соңғы уақыттарда жазба ескерткіштер тілінің дыбыстық құрамы, оның біздің тілімізге қатысы біршама жақсы зерттеле бастады. 15 ғасырға жуық мерзімді қамтитын ескерткіштердің тіліндегі қазақ сөздерінің фонетикасы мен сөздіктері жасалынды. Осы сөздіктердің нәтижесінде сөздердің қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын айыруға мүмкіндік туды, нақты зерттеу нысанымыз айқындалды.

Орта ғасырлардағы ескерткіштер тілі мен қазақ тілі арасындағы фонетикалық сәйкестіктерге тоқталсақ, «Орхон-Енисей, Талас жазба ескерткіштерін зерттеудің бастапқы кезеңі негізінен рунологиялық, текстологиялық мақсаттарға, мәтіндерді оқып, транслитерациялау, аудару жазудың генезисі мәселелеріне арналса, таза лингвистикалық тұрғыдан зерделеу XX ғасырдың алғашқы жылдарынан басталады.

Орта ғасырлардағы ескерткіштер тілі мен қазақ тілі арасындағы сәйкестіктерді салыстыруда, ең бірінші, фонетикалық сәйкестіктерге тоқталамыз. Дыбыс алмасулары бір тілдің ішкі деңгейінде ғана болып, белгілі бір фонетикалық заңдылықтарға (сингорманизм, ассимиляция, диссимиляция) байланысты болатын құбылыс. Бір тіл ішінде де, туыстас тілдер арасында да, өлі тілдер мен тірі тілдер аралығында да дыбыстардың ешқандай фонетикалық ықпалсыз тарихи өзгерістерге ұшырау құбылысы дыбыстар сәйкестігі. Тарихтың терең қатпарларынан, ежелгі түркі дәуірінен де арғы замандардан келе жатқан дыбыстар, дыбыстық өзгерістер түркі ру-тайпа тілдерінің дамуына, бергі заманда ұлт тілдерінің қалыптасуына, әр халықтың лексикалық қорының түзілуіне тікелей игі ықпал еткені анық» [2,21].

Орта ғасырлардағы ескерткіштер тілі мен қазақ тілі арасындағы фонетикалық сәйкестіктерді, негізінен, төмендегідей топтарға бөлуге болады:

1. Қазақ тіліндегі сөздермен сыртқы пішіні толық сәйкес келетін сөздер.
2. Қазақ тіліндегі сөздермен салыстырғанда бір ғана дыбысында өзгешелігі бар сөздер
3. Қазақ тіліндегі сөздермен салыстырғанда екі дыбысында өзгешелігі бар сөздер.
4. Қазақ тіліндегі сөздермен салыстырғанда үш дыбысында өзгешелігі бар сөздер.

Қазақ тіліндегі сөздермен сыртқы пішіні толық сәйкес келетін сөздер

Орта ғасырлардағы ескерткіштер тілінде кездесетін сәйкес сөздер қазіргі қазақ тілінің сөздік қорын құрайды. Қазақ тіліндегі сөздермен сыртқы пішіні толық сәйкес келетін сөздер ескерткіштің тілімізге жақындығын айқындайды.

“Китаб ат-тухфатун фил-луғат-ит-туркийа” (қысқаша-Атт.) ескерткішінен алынған мысалдарға тоқталып көрейік.

ағаш – ағаш, аяқ – аяқ, айғыр – айғыр, айу – аю, ақ - ақ, ақсақ – ақсақ,

ал – жирен (қызғылт сары), торы, ала – ала, тарғыл.

Ата сөзінің мағынасы өзгешелеу, орта ғасырларда әке мағынасын берсе, бүгінде әкесінің әкесі мағынасын білдіреді.

Ал сөзінің мағынасы да біршама өзгеріске түскен болу керек. Орта ғасырларда бұл сөз қызыл мағынасын берген. Ол жайында біраз ғалымдардың еңбектерінде айтылған. *Ал қызыл, алау*, орыс тілінің *алый* сын есімінің түбірі осы сөзбен түбірлес.

Соңғы жылдары тіл біліміндегі когнитивті бағыттың, тіл бірліктерін танымдық тұрғыдан зерделеу мәселесінің жандана бастауына орай мазмұн мен мағынаға ерекше мән беріліп, сыртқы тұлға, оның тарихи өзгерістері назардан тыс қалып жатқаны да белгілі. Сондықтан тарихи тұрғыдан зерттеу жүргізгенде сөздердің тұлғалық тұрпаты толық айқындалуға тиісті.

Сондықтан түркі тілдеріндегі моносиллабтарды құрылымдық-жүйелілік, тарихи-салыстырмалы және антропоцентристік парадигмаларды ұштастыра отырып зерттеу де қазіргі тіл білімінің даму бағытына сәйкес көкейкесті мәселелердің бірі.

Орта ғасыр ескерткіштері тілі мен қазіргі қыпшақ тілдеріндегі бір буынды түбірлер мен түбір-негіздердің құрылымы ұқсас келеді.

Қазақ тіліндегі сөздермен салыстырғанда бір ғана дыбысында өзгешелігі бар сөздер

Қазақ тіліндегі сөздермен салыстырғанда бір ғана дыбысында өзгешелігі бар сөздер тарихи жағынан ұзақ уақыттар бойы қалыптасқан үрдіс болу керек.

Мұндай сөздердің қаншалықты екендігін төмендегі мысалдардан көруге болады.

Мысалы:

б~п аба – апа. абарды – апару, жіберу, жөнелту, 8a1 «й» дыбысымен келетін нұсқасы: йибарди – жіберу. **в~у** авнады – аунау (шаңға аунау), «ғ» дыбысымен келетін нұсқасы: [ағнады]. **ғ~у:** ағыр (авур) (т.) – ауыр, салмақты, аданды (атанды) – атану, атын алу, 3~д азым – адым.

айырынды – айырылу; бөліну, ажырау, **ч~ш:** ақча (авры агры, йармак) (т.) – (дирхем), ақша, жармак (мыс ақша). ақша: **қ~ғ** ақын – ағын, **л~т:** анықлады – анықтау; дайындау, әзірлеу; реттеу, тәртіпке келтіру; **а~е:** ар – ер, жұбай, еркек, күйеуі **а~е:** атак – етек, **л~т:** атлады – аттау, **л~т:** атлам – аттам, қадам, **ч~ш:** ачы – ащы, ачы (икши) – ащы, қышкыл, ауыз қуыратын; **ч~ш:** ачыды (куйди) – күйді, ашыды, жағу, күйдіру; **ч~с:** ачықты (тазлади) – асықты, тездетті, **ч~ш** ачынды – ашыну, **а~е:** ашак (қолан) – есек//ешек, құлан (жабайы есек); **ш~с** ашты (кашти) – кесу, өту, асу, басып озу; жанынан өту, асып кету, **ғ~й:** бағлады (байлады) (т.) – байлау, **и~ы:** бақирди (қақты) (т.) – бақыру, ашулану, ашу шақыру бақча – бақша, **м~п:** батман – батпан (салмақ өлшемі), **ш~с:** баш – бас, **ш~с:** башқарды – 1) басқару, іс жүргізу; 2) айналдыру (қазіргі қазақ тілінде: дөңгеленту, дөңгелентіп әкету деген мағыналары бар), **и~і:** биз – біз билек (кол) – қол, білек, білек: и~і бирикти – бірікті; сөздері (ойлары) бір жерден шықты; кірікті, **о~у:** боды (боғды) (т.) – буу, қылғындыру, **о~ө:** боз – бөз, боз (шубрак) – бөз, шүберек, **о~ө/о~ұ:** бозды тв. – бұзу, қирату, **л~д:** бозлады (кокарди) – боздау; еңіреу, **у~ы:** бойу [бойы, П] – бойы (денесі); кеуде, көкірек, тұлға, **ш~с** бош – бос, бошанды (бош бопды) – 1) босану, азат болу; 2) бос, еркін болу, **у~ұ:** бурғы – бұрғы (шағын бұрғы), **а~е:** да – де, деу, дарт – ауру, сырқат, дерт а~е ди – де, деу, **и~е:** -ди:; -йур: қара: да– **и~і:** динсиз – дінсіз,

и~і: енди – енді, кірді, (төмен) түсті; (барып келді), **Ө-у:** елт – елту, құн төлеу

жарчы (жырчы) – 1) жаршы; 2) глашатай; жафт жұп, екеу; **у~о:** жумарт – жомарт, дархан, кеңпейіл, зарак – 1) зерек, ақылды, 16a1; 2) ділмәр (шешен), **у~о а~е:** қараңыз: зирак. зарак [зирак, П] – зерек, ұғымтал, ақылды, **а~е:** ийна – ине,

и~ы сәйкестігі: зиндан (парсы) (қаранлы ой) – қараңғы үй және зындан, қапас,

и~ы: иги (агу) – игі, жақсы, «ийи» деп те айтылады; **и~і:** из – із, илинди – іліну, и~і илинди – іліну, ілініп-салыну, еңкею, бүгілу; шайқалып әрең жүру, тәлтіректеу, ин – ін; ін (аңның); ұя (құстың), и~і инжир – інжір, и~і ири – ірі, қатпарлы, бұжыр, жарылған қол, и~і исинди – ысыну, жылыну, и~ы исси – ыссы, ыстық, жылы; жылылық, и~ы йабты тв. – жабу, салу, тұрғызу (үй, т.б.), й~ж йазды – жазу, жаю жазды: й~ж йазық – жазық; кінә, **о~ұ:**

ой (ав) (т.) – үй, баспана, тұрақ, мекен, ой (үй): қаранлы ой (зиндан) – қараңғы үй, зындан, қапас, **у~а:** оңулды [оңулзы, Н] – бағыну, бас ию; тыншу, тынышталу, **ч~ш:** сабанчы – сабаншы, соқашы, жер жыртушы, (Дихан), жер өңдеуші, **в~у:** савды – сауу «ғ» дыбысымен келетін нұсқасы: [сағды], сауды: **д~т:** сақдады (кизлади, сақынды) – сақтау, сақтану, **л~т:** сақлады – сақтау; күзету, сақтады: сақланды [сақланзы, Н] (сақынды) – сақтану, сақталу, абай болу, байқау, **л~т м~б:** саман (т.) (кавук) – сабан, қабық **ш~с:** саман сатышты – сату, сатысу, сату жөнінде келісім жасау, **и~і:** сидик (сигак) – сідік (кіші дәрет),

и~ы: силанди – сылану, майлау, май жағу, сығыр (инак) – сиыр; бұқа, ғ~й

н~р: сыйын – жабайы сиыр, «ғ» дыбысымен келетін нұсқасы бар: [сығың]

ы~а: сырымсақ – сарымсақ, **с~т:** сышқақ – тышқақ, **с~т:** сышты – тышу, үлкен дәретке шығу, **в~у:** тав – тау, түрікмендер «ғ» дыбысымен айтады: [тағ] тазак – тезек, ки, **ш~с:** төбелесу, таласты: **в~қ:** тамав (тамаг) (т.) – тамақ, көмейдің артқы бөлігі, жұтқыншақ, **г~қ:** тамаг (тамав) (т.) – тамақ, көмейдің артқы бөлігі, жұтқыншақ, **в~у:** тамақ сав – тамақсау; ашқарак; **у~ы:** тамур – тамыр, ташыды – тасу; бір жерден екіншісіне көшіру, ауыстыру, **х~к:** халы (куйуз) – киіз, кілем, қалы (қазақ тілінде «қалы кілем» деген тіркес бар), төсем, төсеме, төсеніш; қалы **х~қ:** хораз – қораз, **х~қ ч~ш:** чатыр – шатыр (жабынды, төсек жапқыш, жамылғы), чықты – шығу; (айдың, күннің) тууы, көтерілуі, шықты: **ч~ш** шашты [сашты, П] тв. – күтпеген жерден келіп қалу, қапелімде келе қалу, асып-састы: **ш~с б~қ:** шибан – шикан (сыздауық), шибин – шыбын, **и~ы** ырғанды – ырғалу, ырғану, ырғатылу, қозғалтылу, ырғалды: **н~л**

Келтірілген мысалдан байқағанымыз, дауысты дыбыстарында өзгешелігі бар сөздердегі дыбыстар сәйкестігі төмендегідей болып келеді: **а~е, у~о, о~у, у~ы, о~ұ, о~ө, о~у, и~і, и~ы, и~е.**

Дауыссыз дыбыстарында өзгешелігі бар сөздердегі дыбыстар сәйкестігі: **б~п, ш~с, қ~ғ, з~д, в~у, в~қ, г~қ, н~р, в~у, в~қ, г~қ, н~р, с~т, д~т, л~т, м~б, ч~ш, х~қ ш~с** сәйкестігі – ежелден тілде бар сәйкестік. «... дыбыстардың спонтанды ауысулары өте көп фонетикалық қатарлар құрайды. Өйткені сингормониялық варианттардың айтылуы сингормониялық жуан езулік – жіңішке езулік, жуан еріндік – жіңішке еріндік төрт түбірге сәйкес айтылады» [3.22]. Лексикалық-семантикалық мағынасында айырмашылық байқалмайды, дауысты дыбыстардың еркін ауысуынан жасалатын осындай тіларалық осындай жарыспалы түбірлердің екі дәуірге ортақ сипатта кездесуі – тарихи құбылыс.

Қазақ тіліндегі сөздермен салыстырғанда екі дыбысында өзгешелігі бар сөздер

Орта ғасырларда қолданылған кейбір дыбыстар бүгінде өзгеріске ұшыраған: **ч~ш:** **ачығ–** Ащы; **ачыш–** Ашы; **чачыр–** Шатыр;

Дыбыстардың өзгеру сипаты әр түрлі. Сәйкестіктің түрлерін былайша топтастыруға болады:

1. Бір дыбыстың орнына өзге дыбыстың қолданылуы;
2. Бір дыбыстың түсіп қалуы арқылы;
3. Бір буындардың түсіп қалуы;
4. Қосымшалардың қысқарып кетуі;
5. Бір дыбыстың өзге дыбысқа айналуы;
6. Кейбір қосымшалардың өзгеріске түсуі;
7. Кейбір түбірлер уақыт өте келе бір дыбыстарды қосып алады
8. Дыбыстардың орын ауыстыруы;
9. Сөз басындағы дыбыстардың түсіп қалуы кездеседі;
10. Буындардың жалғанып немесе түсіп қалуы.

Бір дыбыстың орнына өзге дыбыс қолданылады. Түркі тілінде орта ғасырларда **в** дыбысы қолданылған: **авлан** МҚ – Аула; өзге түркі тілдерінде сақталғанмен, біздің тілімізде кездеспейді.

У және **в** дыбыстары орта ғасырларда қыпшақтар мен оғыздар тілдерінің бір-бірінен

ажыратылатын фонетикалық белгі – қатарына жатқызылған [4,6]. Жалпы түркі тілдері бойынша у, в, п, б дыбыстарының төркіндес дыбыстар екендігі толық дәлелденген.

И.А. Батманов у дыбысының басқа еріндік дыбыстардан өзгешелігін айта отырып, екінші буында қолданылатын у ерін үндесуінің нәтижесі болуы мүмкін, кейде езу дауыстыларынан кейін де айтылуы мүмкін десе, Сағындықұлы Б. «У дыбысының даму логикасы екі ұзақ кезеңді басынан өткізгенін аян етеді: бірінші кезең – қатаңдану кезеңі, яғни дауыстыдан сонорға, сонордан жалпылай қатаңға, жартылай қатаңнан қатаңға ауысу кезеңі болса, екінші кезең – қатаңнан ұяңға ауысу кезеңі, яғни п > б > в», дейді [5,38].

Демек, ғалымның пікірінше, у дыбысы архетип болып табылады, тек тарихи дамуының екінші кезеңінде кері процеске ұшыраған.

Бір дыбыстың түсіп қалуы арқылы жаңа сөз қалыптасқан, әрине, бұл біздің тілімізде болуы мүмкін, ал өзге түркі тілдерінде мұндай жағдай болмауы да мүмкін. Ескерткіштер тіліндегі сөз соңындағы дыбыстардың түсіп қалуын тіл білімінде **апакопа** дейді. Бұл құбылыстың нәтижесінде *тары* сөзінің көне дәуірлерде *тарығ* болып айтылғандығын, *сары* сөзінің *сарығ* түрінде айтылғандығын білеміз. Алайда мұндай құбылыстар орта ғасырларда әлдеқайда көбірек болған. Бұл құбылыс адамдардың сөйлеуде жеңілдікке ұмтылуынан болған болуы керек.

Түйіндей келе, сөздердің байырғы қалпы мен қазіргі қолданыстағы түрінің арасындағы ұқсастықтарын айыруда сыртқы тұлға үлкен рөл атқарады. Кейде сыртқы тұлға да алдамшы болғанымен, омоним сөздердің о бастағы шығу тегі бір болып жатады. Сыртқы тұлғасы ұқсас болумен қатар, аздаған өзгерістерге ұшыраған сөздерді де төл сөзіміз деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. – Алматы: Сардар, 2014.
- 2 Сабыр М. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде). – Алматы: Қазақ университеті, 2004.
- 3 Джунисбеков А. Сингормонизм в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1970.
- 4 Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы. 1994.
- 5 Ескеева М. Тарихи дыбыс өзгерістері. – Астана: Еуразия ұлттық университеті, 2003.

Саменова Света Нұртаевна

Филология ғылымдарының кандидаты, профессор ассистенті

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

sn.sveta@mail.ru

Т. Т. ПІРІМБЕТОВТІҢ СӨЗЖАСАМ МЕН МОРФОЛОГИЯҒА ҚАТЫСТЫ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Парасатты педагог, абзал азамат, тіл білімінде өзіндік қолтаңбасы бар ғалым Тұрмағанбет Төлешұлы Пірімбетов ғылым жолына үлкен ізденіспен, айтар ойымен, зор жауапкершілікпен келген ғалымдардың бірі де бірегейі еді...

Қазақ тіл біліміндегі тұрпайы лексиканы алғаш зерттеп, зерделеуден басталған ғылыми ізденісі қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясына қатысты қалыптасқан теорияға тың ой-тұжырымдар ұсынумен жалғасты. Аудиторияда дәріс жүргізу барысында морфология мен сөзжасам арасындағы шиеленіскен, шатастырыла баяндалған тұжырымдар мен терминдерге бетпе-бет келген ғалым сол мәселелерге қатысты өзіндік ойларын бірнеше мақала көлемінде жариялап, өз пайымдауын ұсынып отырған. Айта кетерлік жайт – ғалымның дәлелді ойларымен келеспеске болмайтындығы және ғалым көтерген біраз мәселенің бүгінде қазақ тілінің сөзжасам және морфология саласында оң шешім тапқандығы.

Қазақ тіл білімінде бір мың тоғыз жүз тоқсаныншы жылдардың соңында қазақ тілінің сөзжасамы жеке сала болып қалыптасқандығы белгілі. Оған дейін сөзжасам саласының біраз